

Индер аудандық білім беру бөлімінің мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 9 наурыздағы N 44 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаменті Индер ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 8 сәуірде N 4-6-98 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 мамырдағы № 115 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 28.05.2011 № 115 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 "Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандартын бекіту туралы" қаулысын басшылыққа ала отырып, аудандық әкімияты

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса берілген Индер аудандық білім беру бөлімінің мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Балахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Ж. Рахметқалиев*

Аудан әкімиятының

2010 жылғы 9 наурыздағы № 44

қаулысымен бекітілген

Индер ауданы Білім беру бөлімінің "Білім беру қызметін лицензиялау" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты

1. Негізгі ұғымдар

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы:

Білім беру қызметін лицензиялау – сәйкесінше лицензиардың заңды тұлғаға қызметтің білім беру түрімен айналысуға берілетін рұқсат.

2. Осы мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны – автоматтандырылмаған.

3. Білім беру қызметін лицензиялау Қазақстан Республикасының мынадай заңнамасы негізінде көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" Заңы;

2) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214 "Лицензиялау туралы" Заңы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 "Білім беру қызметін лицензиялау ережесі мен оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" қаулысы;

4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2003 жылғы 11 наурыздағы № 147 "Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу үшін құжаттарды ұсыну мен қарау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығы.

4. Осы мемлекеттік қызметті Индербор кенті, Н. Меңдіғали көшесі, 30 мекен-жайында орналасқан Индер ауданы Білім беру бөлімі ұсынады.

5. Осы мемлекеттік қызметтің нәтижесі Индер ауданы Білім беру бөлімінің білім беру қызметіне лицензия беру болып табылады.

6. Осы мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға көрсетіледі.

7. Осы мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) заңды тұлғалардың жазбаша өтініші тіркелген сәттен бастап осы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері – отыз жұмыс күннен кеш емес;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде (тіркеу, талон алу кезінде) кезекте тұрудың рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 40 минуттан артық емес;

3) осы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі ретінде, құжаттарды алуда кезек күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 минут.

8. Осы мемлекеттік қызмет ақылы. Қызметтің білім беру қызметімен айналысуға құқық үшін лицензиялық жинақ Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес лицензияларды (лицензиялар көшірмесі) берілген кезде алынады.

9. Осы мемлекеттік қызметті көрсету стандарты Индербор кенті, Н.Меңдіғали көшесі, 30 мекен-жайында орналасқан Индер ауданы Білім беру бөлімі, № 3 кабинетте орналастырылады.

10. Индер ауданы Білім беру бөлімінің жұмыс кестесі: сенбі және жексенбіден басқа, күн сайын 09.00-сағаттан 18.00-сағатқа дейін.

11. Қызмет көрсетілетін орын: Индербор кенті, Н.Меңдіғали көшесі, 30 мекен-жайында орналасқан Индер ауданы Білім беру бөлімі, № 3 кабинет.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар:

- 1) өтініш;
- 2) өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) білім беру қызметін жүргізу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төлегенін растайтын құжаты;
- 5) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

13. Индер ауданы Білім беру бөлімі, № 3 кабинет, білім беру қызметіне лицензияны беру орны болып табылады.

14. Тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін Индербор кенті, Н. Меңдіғали көшесі, 30 мекен-жайында орналасқан Индер ауданы Білім беру бөліміне, № 6 кабинетке, барлық қажетті құжаттарды тапсырады.

15. Тұтынушы барлық құжаттарды тапсырғаннан кейін тұтынушының осы мемлекеттік қызметті алған күні көрсетілген талон алады.

16. Білім беру қызметіне лицензия беру, тұтынушы Индербор кенті, Н. Меңдіғали көшесі, 30 мекен-жайында орналасқан Индер ауданы Білім беру бөлімі, № 3 кабинетте жеке болған кезде, жүзеге асырылады.

17. Мемлекеттік қызмет ұсынуды тоқтата тұру немесе бас тарту үшін негіздер тізбесі:

- 1) субъектілерінің осы санаты үшін Қазақстан Республикасы заңдарымен тиым салынған қызметтің білім беру түрімен айналысу;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес барлық қажетті құжаттар ұсынылмаған;
- 3) қызметтің білім беру түріне лицензия беруге өтініш берген жағдайда, қызметтің білім беру түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленбегенде;
- 4) өтініш беруші біліктілік талаптарға сәйкес келмейді;
- 5) өтініш берушіге қызметтің білім беру түрімен айналысуға тиым салынған оған қатысты заңдылы күшіне енген сот үкімі бар;
- 6) әрекеттерді тоқтату, лицензияларды кері қайтару Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Индер ауданы Білім беру бөлімінің мамандары осы мемлекеттік қызметті тұтынушыға қатысты мынадай жұмыс қағидаттарын басшылыққа алады:

- 1) сыпайылық және осы мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;
- 2) ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

Егер заңды тұлға белгіленген мерзімде көрсетілген мемлекеттік қызмет туралы құжаттарды алуға өтініш жасамаған жағдайда, Индер ауданы Білім беру бөлімі екі ай ішінде олардың сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін акт бойынша құжаттар белгіленген тәртіпте жойылады.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандарттың қосымшасына сәйкес ("Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні" кестесі) сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Осы мемлекеттік қызметті көрсететін Индер ауданы Білім беру бөлімінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмысшы топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Индер ауданы Білім беру бөлімі мамандарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Индер ауданы Білім беру бастығы түсіндіреді, № 5 кабинет, байланыс телефоны: 2-10-50.

Мемлекеттік қызметтің осы түрі бойынша Индер ауданы Білім беру бөлімінің шешімдеріне мүдделі жеке тұлғалар сот тәртібінде шағымдануы мүмкін.

22. Шағым Индер ауданы Білім беру бөлімінің бастығының атына, № 5-кабинет, байланыс телефоны: 2-10-50, сондай-ақ Индер ауданы аппарат әкіміне беріледі, байланыс телефоны: 2-12-74, 2-12-43

23. Шағымның қабылдауын растайтын құжат Индер ауданы Білім беру бөлімінің тіркеу журналында тіркеліп, берілген шағымға жауаптың мерзімі мен алу күні көрсетілген талон болып табылады. 2-12-34 байланыс телефоны арқылы шағымның қаралу барысы туралы білуге болады.

6. Байланыс ақпараты

24. Индер ауданы Білім беру бөлімінің байланыс деректері: пошталық мекен-жайы: 060200, Индербор кенті, Н. Меңдіғали көшесі, 30.

Қабылдау бөлменің телефоны (факсы): 2-00-60, _____.

Индер ауданы Білім беру бөлімі сектор меңгерушісінің телефоны: 2-12-34, №

Электрондық поштаның мекен-жайы: inder.raioo@mail.ru _____

Жұмыс кестесі: күн сайын сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 12.30-ден 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі.

Заңды тұлғаларды қабылдау кестесі: Индер ауданы Білім беру бөлімінің бастығы - әр айдың сәрсенбі және жұма күндері сағат 14.00-ден 18.00-ге дейін; Индер ауданы Білім беру бөлімі сектор меңгерушісінің - әр айдың сейсенбі және бейсенбі күндері сағат 14.00-ден 18.00-ге дейін.

Жоғары тұрған ұйымның байланыс деректері: Индер ауданы әкімінің аппараты: Индербор кенті, Н. Меңдіғали көшесі, 30, телефон: 2-12-74, факс: 2-12-74 .

25. Қосымша ақпарат алу үшін Индербор кенті, Н. Меңдіғали көшесі, 30 мекен-жайында орналасқан Индер ауданы Білім беру бөлімі, № 3 кабинет, № 2-12-34 телефоны бойынша жолығу қажет.